



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitzhanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhı
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1293–
1303
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1293-1303

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

Түлебаев Дауыржан Жұмажанұлы ¹, Жомарт Кудайбергенович Симтиков ²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Достық даңғ., 13, Алматы, 0500010)

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Әлеуметтану» мамандығы бойынша 2
курс докторанты, педагогика ғылымының магистрі,
E-mail: dauyrzhantulebayev@gmail.com, ORCID – 0009-0000-2541-5665

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Достық даңғ., 13, Алматы, 0500010),
саясаттану ғылымдарының докторы,
simtikov1122@gmail.com <https://orcid.org/0000-0003-0770-488X>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.Қ., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орнын анықтау өте маңызды мәселе болып табылады. Себебі тарихымыздағы тілдің әлеуметтік орны бүгінгі таңда аз зерттелген өзекті мәселенің біріне айналып отыр. *Мақсаты мен міндеттері.* Мақала қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлін зерделеуге арналған. Мәселе тарихи тұрғыдан ғана емес, жалпы тілдің әлеуметтік функциясының тарихи даму аспектілері тұрғысынан қарастырылды. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлін талдауға, тарихи сананың дамуындағы тілдің әлеуметтік рөлін тұжырымдауға назар аударылды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің әдіснамалық негіздері пәнаралық амалдың әдіснамалық, әдістемелік, теориялық-талдамалық принциптеріне сүйенді. *Нәтижелері.* Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлі заманауи әлеуметтану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі Бұл мәселені зерттеу қазақ халқының тарихи сана-сезімін түсінуге, тілдің тарихи аспектілерін және әлеуметтік мәртебесін тануға ықпал етеді. Рухани негіз ретінде тіл халықтың тарихи өмірінде үлкен маңызға ие. Бұл орайда тілдің әлеуметтік рөлін, тарихи үдерістердегі тілдің тарихи-әлеуметтік принциптерін айқындау маңызды. Мақалада тілдің әлеуметтік рөлін күшейту рухани құндылықтарды, қазақ халқының тарихи сана-сезімін нығайтуға мүмкіндік беретіні атап өтілді. *Қорытынды.* Тіл көптеген ғасырлар бойы және тарихи кезеңдерде рухани бірліктің, тұтастықты сақтаудың, қазақ халқының әлеуметтік тұрақты байланыстарының негізі болды. Тарихи үдерістердің, мәдени құндылықтардың қалыптасуы тілдің әлеуметтік рөлінің дамуымен бірге жүрді.

Түйін сөздер: қазақ тарихы, мемлекеттік тіл, әлеуметтік орны, зиялы қауым, ұлт пен жер тұтастығы.

Алғыс. Зерттеу BR24993173 «Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу» ғылыми жоба аясында орындалды.

Дәйексөз үшін: Тулебаев Д., Симтиков Ж. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлі // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1293–1303-бб. [қазақша].
DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1293-1303

СОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ ЯЗЫКА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

¹Дауыржан Жумажанович Тулебаев¹, Жомарт Кудайбергенович Симтиков²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (д.13, просп. Достык, Алматы, 050010) Докторант 2 курса по специальности «Социология» Казахского национальный педагогический университет имени Абая, магистр педагогических наук, E-mail: dauyrzhantulebayev@gmail.com, ORCID – 0009-0000-2541-5665

²Симтиков Жомарт Кудайбергенович Казахский национальный педагогический университет имени Абая (д.13, проспект Достык, Алматы, 050010) доктор политических наук, simtikov1122@gmail.com <https://orcid.org/0000-0003-0770-488X>

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Тулебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К., 2025

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена изучению социальной роли языка в истории казахского народа. Проблема была рассмотрена и изучена не только с исторической позиции, но и развитии исторических аспектов социальной функции языка в целом. *Цель и задачи.* Анализ социальной роли языка в истории казахского народа, изучение социальной роли языка на фоне развития исторического самосознание языка является актуальным вопросом. *Материалы и методы.* Методологическая основа исследования опиралась на принципы междисциплинарного подхода. *Результаты.* Проблема изучения социальной роли языка в истории казахского народа остается одним из актуальных вопросов современной социологии и историографии. Изучение и анализ этого вопроса способствует пониманию исторического самосознание казахского народа, исторических аспектов языка и его социального статуса. Как духовное составляющее язык занимает особую роль в жизни и в истории народа. В этой связи очень важно определить социальную роль, историко-социальные принципы языка в историческом процессе. В статье сделан вывод о том, что укрепление социальной роли языка способствует также укреплению духовных ценностей, исторического самосознание казахского народа. *Выводы.* Язык на протяжении многих веков и исторических периодов была стержнем сохранения целостности, духовного единства, основой устойчивых социальных связей казахского народа. Формирование исторических процессов, культурных ценностей происходило с одновременным развитием социальных ролей языка.

Ключевые слова: язык, социальная роль, история казахского народа, самосознание, исторический процесс.

Благодарность. Исследование выполнено в рамках научного проекта BR24993173 «Написание иллюстрированной биографической энциклопедии по истории Казахстана».

Для цитирования: Тулебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К. Социальная роль языка в истории казахского народа // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1293–1303. [на казахском].
DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1293-1303

SOCIAL ROLE OF LANGUAGE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH PEOPLE

¹Dauyrzhan Zhimazhanovich Tulebayev, ²Zhomart Kudaibergenovich Simtikov

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay (13, Dostyk Ave., Almaty, 050010) 2nd year doctorant student, specializing in “Sociology” of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Master of Pedagogical Sciences

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai (№ 13, Dostyk Avenue, Almaty, 050010) Doctor of Political Science, simtikov1122@gmail.com <https://orcid.org/0000-0003-0770-488X>

© Valikhanov IHE, 2025

© Tolebaev D.Zh., Simtikov Zh.K., 2025

Abstract. Introduction. The article is devoted to the study of the social role of language in the history of the Kazakh people. The issue has been considered and analyzed not only from a historical perspective but also in terms of the development of the historical aspects of the social function of language in general. *Purpose and objectives.* The analysis of the social role of language in the history of the Kazakh people, as well as the study of this role against the background of the development of the historical self-awareness of language, is a relevant topic. *Materials and methods.* The methodological basis of the research relied on the principles of an interdisciplinary approach. *Results.* The problem of studying the social role of language in the history of the Kazakh people remains one of the most pressing issues in modern sociology and historiography. The study and analysis of this issue contribute to understanding the historical self-awareness of the Kazakh people, the historical aspects of the language, and its social status. As a spiritual component, language occupies a special place in the life and history of the people. In this regard, it is very important to define the social role and historical-social principles of the language in the historical process. The article concludes that strengthening the social role of the language also contributes to the consolidation of the spiritual values and historical self-awareness of the Kazakh people. *Conclusion.* Throughout many centuries and historical periods, language has been the core of preserving the integrity, spiritual unity, and the foundation of stable social relations of the Kazakh people. The formation of historical processes and cultural values occurred simultaneously with the development of the social roles of language.

Keywords: language, social role, history of the Kazakh people, self-awareness, historical process.

Acknowledgements. This research was conducted within the framework of the grant-funded project BR24993173 «Writing an illustrated biographical encyclopedia on the history of Kazakhstan».

For citation: Tolebaev D.Zh., Simtikov Zh.K. The Social Role of Language in the History of the Kazakh People // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 4. Pp. 1293–1303. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1293-1303

Кіріспе. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орнын анықтау өте маңызды мәселе болып табылады. Себебі тарихымыздағы тілдің әлеуметтік орны бүгінгі таңда аз зерттелген өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Тілдің тарихтағы әлеуметтік орнын зерттеу қарастырылып отырған тақырыптың тарихи және әлеуметтік функцияларын түсінуге, осы ретте тілдің әлеуметтік рөлін тарихи тұрғыдан тануға зор мүмкіндік береді. Әрбір халықтың рухани, мәдени өмірінде ғана емес, сондай-ақ тарихи қалыптасу көкжиегінде тілдің алатын әлеуметтік маңызы орасан. Тарих пен тілдің байланысы, екі құндылықтың бір-біріне тигізетін әсері мен ықпалы, тарихтағы тілдің орны мен тілдегі тарихтың орны әлеуметтану ғылымының негізінде ерекше назар аударуды қажет етіп отырған мәселе. Халықтың өзін халық ретінде сезінуі, мемлекеттің басты тұғырларының айқындалуы – барлығы да тілдің ықпалымен, тілдің әлеуметтік ортадағы ғұмырының мәнділігімен тікелей байланысты ұғымдар. Тіл мәселесінде мемлекеттің тарихи факторының мәні айрықша. Себебі мемлекеттің құрылуы, халықтың тұтастануы, бірегейленуі, мәдени, рухани кемелденуі тіл арқылы жүзеге асатын болғандықтан тілдің тарихи тұрғыдағы әлеуметтік аспектілеріне назар аудару, оларды ғылыми-теориялық негізде дәйектеу маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады. Тарих белгілі дәуірлер мен ғасырларды қамтитын құбылыс болса, тіл де дәуірлер мен ғасырлардан бері халықпен бірге жасасып келе жатқан ұлы құндылық есебінде халықтың халықтық, елдік елдік сипатын арттыратын, мазмұнын байытады. Сондықтан да қазақтың ұзына тарихында тілдің әлеуметтік орын әлеуметтану ғылымы тұрғысынан байыпты зерделенуі қажет.

Тарихи және архивтік деректерде қазақ тіліне қатысты әртүрлі қаулылар мен құжаттардың, саяси шешімдердің болуы да мәселенің өзектілігін көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу, мемлекеттік органдарда қазақ тілінің іс-қағаздарда қолданылуын қамтамасыз ету бойынша да мемлекеттік басқару өкілдерінің қабылдаған жұмыстары туралы деректер аз емес. 1926 жылы сол кездегі мемлекеттік құрылым саналатын жұмысшы-шаруа инспекциясына қазақ тілінде іс жүргізу мәселелері тапсырылғаны жазылған [ҚРОМА, 5-қ., 7-т., ба-іс, 4-а.п.; 263-қ., 1-т., 13-іс, 3-п 17]. Бұл дегеніміз қазақ тілінің әлеуметтік маңыздылығының сол заманда қаншалықты жоғары болғанының

белгісі. Ұлт ардақтысы Бауыржан Момышұлының архивтегі қорымен танысу барысында да халық батырының қазақ тіліне қатысты көтерген мәселелері де молынан ұшырасты. Әсіресе, тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа, әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз, сондықтан «Өнер алды – қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар?» деген сөздері де ұлттық тілдің қазақ халқының тарихындағы әлеуметтік рөлінің биіктігін аңғартады [ОМА, 1637-қ.; 1-т.: 235-іс]

Бұл орайда қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлін айқындау, яғни тілдің қоғамдағы орны мен қызметін тарихи контексте қарастыру, тілдің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы, мәдени мұра мен дәстүрді сақтаудағы, сондай-ақ қоғамдық қатынастарды реттеудегі функциясын ашу, сонымен қатар, қазақ қоғамының әр тарихи кезеңіндегі тіл саясаты мен тілдің әлеуметтік мәртебесіне талдау жасап, тіл мен қоғамның өзара байланысын қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Ұлт болып ұйысуымыздың, халық болып қалыптасуымыздың басты тірегі – тіл. Сондықтан да қазақ халқының тарихи даму кезеңдерінде әрдайым тіл мәселесінің әлеуметтік рөлі салмақты мәнге ие болып отырды. Халықтың өкілдері қазақ тілінің тағдырына ешуақытта бейжай қарамай, «тіл үшін күрес – ұлт үшін күрес» деген ұстаныммен астасып, тілдің әлеуметтік маңызы мен рөлі артып келді. Кеңес одағы кезінде, тоталитарлық режим үстем алып тұрған шақта қазақ мектептері жабылып, қазақ тілінің қолданысы тарыла түсті. Алайда тілге байланысты халықтың әлеуметтік талабы бір сәт те бәсеңдеген жоқ. Ұлт жанашырлары ұрпақтар өміріндегі маңызын біліп, осы өзекті мәселеге терең мән беру арқылы тілдің әлеуметтік рөлінің әлеуетін мүмкіндігінше күшейтіп отырды.

Мұның себебін бірнеше ғылыми-теориялық, әдіснамалық мәселелермен байланыстыра қарастырамыз:

- біріншіден, тіл сан ғасырлардан бері ұлтымыздың ұлттық бірегейлігін сақтауына негіз болып келе жатқан пәрменді күш;
 - екіншіден, қазақ тілі – қазақтың сана-сезімі мен дүниетанымын қалыптастырып, ұлт ретіндегі біртұтастығын нығайтуға өз септігін тигізген рухани қуат көзі;
 - үшіншіден, тіл әлеуметтік-тарихи категория ретінде қазақ ұлтының саяси көкжиегін кеңейтіп, заманауи жаңа ізденістерге жол ашқан темірқазық;
 - төртіншіден, тіл тарихтағы өзінің маңызды рөлі мен орнын сақтай отырып, идеялық тұрғыдан ұлтымызды үнемі дербестікке, тәуелсіздікке бастаған ұлы идея;
 - бесіншіден, қазақ жерінің тұтастығы мен «қазақ» атауының қайтарылуындағы басты өлшемдердің бірі, әрине, тіл тұтастығымен байланысты болғаны анық.
 - алтыншыдан, тілдегі көпе-көрінеу бұрмалаушылықтар халықтың тарихи болмысынан, бет-бейнесінен, рухани-мәдени келбетінен айырылуына әкеліп соғатындықтан, тіл тазалығы мен атаулардың бұрмаланбауы тарихи-саяси тұрғыдан маңызды;
 - жетіншіден, заманындағы тарихи атаулардың түбегейлі бұрмаланудан сақтап қалған төл тіліміздің қазақ санасынан ажырамай, қайта қиын-қыстау заманында еліне – қорған, халқына – айбар.
- Осылайша тілдің әлеуметтік сипатына терең мән беру арқылы, біз оның байтақ тарихпен де, ұлт шежіресімен де тығыз байланысты екенін пайымдауға мүмкіндік аламыз.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жалпы әлеуметтік-гуманитарлық әдіснамаға сүйенеді. Яғни, тіл мен қоғамның өзара байланысын тарихи, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан кешенді түрде қарастыру көзделеді. Бұл бағытта тарихи салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық және мәдениеттанулық әдістер қолданылды. Сонымен қатар тарихи әдіс арқылы тілдің әлеуметтік қызметінің қазақ қоғамының тарихи кезеңдерінде қалай өзгергені айқындалды. Архивтік материалдар, тіл мен тарих, олардың өзара байланысын зерделейтін еңбектер негізінде тіл мен қоғам арасындағы байланыстың маңыздылығы байыпталды. Контекстуалды талдау әдісі негізінде талдау жасалды.

Талқылау. Қазақ халқының тарихында тілдің алатын орны ерекше. Себебі тіл – мемлекеттің негізі. Тарихи сананың қалыптасуы мен тарих үдерістердің жүзеге асуында да тілдің алатын маңызы жоғары. Сол себепті қазақ халқының зиялы қауымы тілді сақтауға, дамытуға ерекше назар аударып, тарихпен сабақтастыра отырып, ұлттық дәрежеде дамытуға күш салған. Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы бастаған ұлт көсемдері ұлтты сақтаудың бірден-бір жолы оның тілін сақтау екенін жақсы түсініп, осы бағытта көптеген жұмыстарды атқара білді. Тұңғыш «Қазақ» газетін шығарып, халыққа үндеу жасады.

Зерттеуші ғалым Янсон Торе тілдердің өмір сүру ұзақтығына байланысты жасаған тұжырымдарында кез келген тіл белгілі бір уақыт қолданыста болып, сосын жойылатынын айтады. Кей тілдердің ғұмыры тек бірнеше ұрпақпен шектелсе, тағы бір тілдердің өмірі мыңжылдықтармен өлшенетіні байыптайды. Тіл қалай туады, қалай жойылады және олардың тағдыры неліктен әрқилы деген сұрақтар сол тілдерді қолданатын халықтың өмірімен тікелей байланысты екенін атап өтеді. Басқаша айтқанда, тіл тарихпен сабақтас екенін, бірақ тарихи оқиғалар да көбінесе халықтың қай тілде сөйлейтініне орай өрбитінін, яғни, тарихқа тіл әсер ететінін және тіл – тарихтың бір бөлігі екенін жеткізеді [Янсон, 2019: 13]

Мысалы, биыл жүз жылдығы аталып өтіліп отырған «Қазақ жерінің тұтастануы мен «қазақ» атауының қайтарылуы» айтулы датасында тілдің әлеуметтік рөлі басым жатыр деп есептеуге болады. Өйткені, ұлттың атауы – қазақ халқының тарихында маңызды орын алады. Ұлты зиялыларының осы мәселеге маңыз беруін бұл бағыттағы тілдің әлеуметтік рөлінің жоғарылығын білдіріп отырғаны сөзсіз.

Тіл – ұлт пен жер тұтастығының сақталуы тарихи-әлеуметтік маңызы бар мәселе. Өйткені, этноним бұрмаланса, ұлттың атауы дұрыс жазылмаса, тарихта ұлтқа жасалған басты қиянатқа айналатыны сөзсіз. Бұл, сөзсіз, әлеуметтік көңіл-күйдің наразылығына да әкеліп соғуы мүмкін.

Тарихтағы тілдің мәселесі ұлттық сана арқылы көрініс табатыны белгілі. Бұл орайда тарихшы ғалымдар Ақселеу Сейдімбек, Хангелді Әбжанов, Қойшығара Салғараұлы ұлттық сана мәселесін – ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінгі ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана деп есептейді. Ұлттық сана абстракті ұғым емес екенін, ол – ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың бүкіл ғұмынамасының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі, ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытатынын уәждейді [Сейдімбек, Әбжанов, Салғараұлы, 2012: 34]

Бұл орайда тілдің әлеуметтік әсерінің ұлттық санаға да ықпалының бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Мұның сыртында А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы орынды атап өткеніндей, кеңестік жылдарда қазақтың санасы мен жүрегін билеп алған ұлттық идея болған жоқ. Ұлтын сүйген, социалистік эксперименттерден қара бұлттай төніп келе жатқан апаттың сұмдығын қапысыз ұғынған рухы биік ақын-жазушылар, ғалымдар, жекелеген тұлғалар туған халқының тілі, діні, мәдениеті, жері үшін отқа күйіп, суға түскенмен, қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйе тілге жеңіл, жүрекке жылы ұлттық идеяны түзуге де, халыққа ұсынуға да жеткізбеді, көктей солдырды. Ұлттық идеясыз қалған қазақ қоғамы тоталитарлық эксперименттерден жаншылып, түрлі-түрлі кереғарлықтарға тап болғанын ұғынатын уақыт келді деген тұжырым жасайды [Сейдімбек, Әбжанов, Салғараұлы, 2012: 4-5].

Ғалымдардың осы айтылған пікірлерін назарға ала келгенде, тілдің әлеуметтік рөліне – ұлттық сана, саяси жүйе, идеологияның әсер ететінін байқауға болады және осы мәселені әрі қарай дәйекті тұжырымдау үшін бұл мәселеге концептуалдық тұрғыдан мән беру қажеттілігі де туындайды.

Философ Амангелді Айталы өз еңбегінде ұлтаралық қатынастарда көзге түсетін үш мықты қасиет бар екенін айтады. Олар: тіл, мәдениет және дін. Ғалым бұларды ұлттарды бір-бірінен ажырататын, тіпті табиғи белгілер сияқты қабылданатынын уәждейді. Амангелді Айталының пікірінше, тілдің тарихи, әлеуметтік маңызын арттыру бағытында мемлекеттік тілде барлық диаспоралар мен этноастық топ өкілдері меңгеруі парыз деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар қазақтың жері мен тілін ел халқын біріктірудің маңызды факторлары ретінде қарастырады [Айталы, 2009: 30, 34-35]

Филология ғылымының докторы Ислам Жеменей тілдің тарихи тұрғыда даму процестерін шартты түрде үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші, жүз миллионнан аса сөйлеушісі бар: қытай, ағылшын, испан, үнді, араб, португал, бэнгал, орыс, жапон, пәнжаб, сондай-ақ, швед, италиян, неміс, украин, парсы және түрік тілдер. Аталған тілдермен әлемдегі 80 пайыз халық сөйлейтінін жазады. Бұл топтағы тілдерді «ұлы тілдер» қатарына жатқызады және он миллионнан аса сөйлеушісі бар тілдерді екінші топқа жатқызады. Олардың өміршең болулары өз тілдерінде қоданысқа енгізе алатын: саяси билік, мемлекеттік және мемлекеттік емес экономикалық аса ірі объектілері мен техника және

технологияның даму барысында сол тілде сөйлеуіне байланысты айқындалатынын уәждейді. Ғалым бұл топтағы тілдерді «ұлттық тіл» ретінде мемлекеттік мәртебеге ие болғанмен, «мемлекеттік стандарт» тіл деңгейіне көтеріле алмай келе жатқан тілдер екенін айтады. Мәселен, қазақ тілі Қазақстан Республикасында қазақ халқы үшін ұлттық тіл ретінде мемлекеттік тіл деген мәртебеге ие болса да, «мемлекеттік қалыпты (стандарт)» тілге айнала алмай келеді. Өйткені, қалыпты (стандарт) тіл мемлекеттік мүддемен бірге а) ұлт азаматы, ә) отбасы, б) ұлт, д) мемлекет, с) рухани сынды бес құндылыққа қызмет атқаруға тиіс деген тұжырым жасайды [Жеменей, 2023: 328].

Ұлттық тарихты ұлттық тіл арқылы тану мәселесі де тілдің тарихи-әлеуметтік маңызын арттырып отыр. Өйткені себебі, ұлт тарихының өзге тілде жазылуы, өзге тіл арқылы танылуы ұлттық тарихтың түпкі болмысынан алыстатып жіберетіні сөзсіз. Тарих пен тілдің өзара сабақтастығы – әлеуметтік тұрғыдан аз зерттелгені осы мәселенің кешенділігі мен өзектілігін көрсетеді. Тарихи сана, ұлттық зерденің қалыптасуында тіл мәселесі қаншалықты рөл атқарса, тілдің әлеуметтік мәнін күшейтуде де тарихтың да рөлі жоғары. Тарих дәуірлер мен ғасырларды, уақыт пен кезеңдерді қамтыса, тіл де халықпен бірге жасасып, халықтың тарихи сабақтастығында маңызды орынға ие болады. Сондықтан қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік маңызы ғасырлар бойы, тарихи кезеңдер бойы өзектілігін еш жоймаған құбылыс ретінде бағалауымызға болады. Кеңестік кезеңде қазақ тілі әліпбиінің бірнеше рет өзгертілуі, араб графикасынан латын графикасына, латын графикасынан кирилл графикасына ауыстырылуы да отарлаушылардың халықтың тарихи санасын ұлтсыздандыруға бағытталған қадамдар болғаны белгілі. Демек, халықтың тарихи жады, тарихи санасы, тарихи дүниетанымы тіл арқылы ғана қалыптасатынын ескерсек, тілдің әлеуметтік маңызы оның тарихи құндылығының аса жоғары болуымен ерекшеленеді. Мысалы, көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романы ұлттық тілде жазыла отырып, қазақ тілінде жазылған тарихи романы арқылы қаншалаған ұрпақтың тарихи жадысын жаңғыртып, тарих пен ұлттық тілді шебер байланыстыру, тоғыстыру арқылы ұмытылы бастаған тарихи дүниетанымды жаңаша бір деңгейге шығарды. «Көшпенділер» трилогиясы арқылы тіл мен тарихтың қаншалықты терең сабақтастықта екенін көреміз. «Көшпенділер» трилогиясының қалың оқырмандар арасында соншалықты танымал болуы, біріншіден, шығарманың тарихи құндылығы, екіншіден, ұлттық тілде жазылып, таралуы. Осы арқылы бір қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлінің қаншалықты жоғары деңгейде болғанын байқаймыз.

Қазақ тілінің әлеуметтік рөлі мен тарихи дамуы туралы ғылыми ізденістер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. Алғашқы кезеңде тілдің тарихи және этнографиялық сипатына қатысты еңбектер Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы сынды ағартушылардың еңбектерінде көрініс тапты. Кеңес дәуірінде тіл мен қоғамның өзара қатынасы туралы пікірлер М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Р. Сыздық, Т. Қордабаев [Балақаев, 2010: 117 б; Кеңесбаев, 316; Қордабаев, 134;] еңбектерінде жүйелі сипат алды. Бұл кезеңде тілдің қоғамдық қызметі мен стильдік жіктелуі мәселелері қарастырылды. Тәуелсіздік жылдарынан кейін зерттеушілер тілдің ұлттық сана мен мәдени кодтың негізі ретіндегі рөлін айқындауға бағытталды. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан А. Айғабылұлы, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Қ. Жаманбаева [Айғабылұлы, 77; Манкеева, 40; Уәли, 306; Жаманбаева, 102] сияқты ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие болды. Қазіргі уақытта тілдің әлеуметтік қызметі жаһандану, цифрландыру және көптілділік жағдайында зерттеліп, қазақ тілінің әлеуметтік мәртебесін нығайту жолдары қарастырылып келеді.

Зерттеушілер тілдің халықтың тарихымен байланысын биік дәрежеге қояды. [Ходжамулыев, Базарова, Хыдырмухаммедова 2025: 661]. Олар тіл тарихи оқиғалармен, миграциялармен, экономикалық өзгерістермен қатар дамитынын айтады. Халықтың тарихы оның топонимикасында, ескі сөздерінде, архаизмдерінде, диалектілерінде сақталатынын, мысалы, сөздердің түрлі формалары мен акценттер халықтың өмір сүру аумағы қалай өзгергенін, халықтың мәдени және әлеуметтік идентификациясына қандай тарихи жағдайлар әсер еткенін білдіретінін жазады.

Тілдің тарихи аспектілерін қарастырған кезде біз міндетті түрде оның әлеуметтік рөліне назар аударамыз, себебі әлеуметтік маңызы болмаса, тілдің де тарихи рөлі соншалықты жоғары болмайтынын айтуға болады. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлін бағамдаған кезімізде тілді тарихи және ұлттық сананы қалыптастырушы факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық тілдің халықтың бойындағы ұлттық рухты қозғаушы, көтеруші мағынасындағы заңдылықтарын да ерекше атап өтеміз. Өйткені, халқымыздың тарихындағы, әсіресе, әртүрлі жаугершілік замандарда халықтың бір мүддеге тоғыстыру, батырлардың рухын көтеру, т.б. маңызды

іс-шаралардың барлығы да рухани тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да тілдің тарихи, әлеуметтік маңызының жоғары болуымен айқындалып отырды. Бұл мәселені тек қана тарихи тұрғыдан емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да бірлестіре қарастырудың маңызы тіл мен тарихтың эволюциялық даму жолының өзара үндестікте, екі ірі процес ретінде бір-бірімен ықпалдаса отырып дамитынын көрсетеді.

Кейбір зерттеушілер тілді тарихтың құжаты ретінде бағалайды [Gray R., Atkinson Q., Greenhil S.]. Тілді тарихтың құжаты ретінде қарастыру тілдің тарихилық мәні мен сипаты басым екенін көрсетеді. Себебі тілдің өзіндік тарихы бола тұра, ол сол тілде сөйлейтін белгілі бір ұлттың, халықтың, мемлекеттің де тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Демек, тіл мен халықтың тарихилық факторы да ортақ деген сөз [Gray R., Atkinson Q., Greenhil S.].

Тіл мен тарихтың өзара байланысын зерттеген Л.Алонзидің пайымдауынша, тіл өзінің барлық формаларында шынайы көрініс табады, онсыз біз әлемді, айналамыздағы тарих әлеміне бойлай алмаймыз. Сондықтан тарихшыларды өткен мен бүгіннің және келешектің арасындағы аудармашылар, тәржімашылар деп танығанымыз дұрыс, өйткені олар уақыт толқынында болады [Alonzi, 2024]

Яғни, тарих процесінде тілдің әлеуметтік маңызы уақыт өткен сайын арта түседі, ықпалы да өсе береді. Бұл заңдылықтың мән-маңызын ескере отырып, тарихтағы тілдің, тілдегі тарихтың рөлін біртұтас концепт ретінде де зерделей түсудің өз қажеттілігі бар екенін де айта кетуіміз керек. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орны мен рөлін қарастырғанда мына бір өзекті мәселені де ескере кетуіміз керек. Кеңес одағы заманында отарлаушылар отарлау құралдарының бірі ретінде тіл саясатына баса мән бере қарағаны белгілі. Халықты туған тілінен айыру саясатының нәтижесінде халықтың ұлттық зердесі, тарихи санасы, т.б. ұлттық құндылықтары жойылатынын жақсы білген отарлаушылар тілдік экспансияны өз мүдделерін жүзеге асыру мәселесінде кеңінен қолданды.

Филиппсон деген шетелдік ғалым отарлаушылардың тілдік экспансиясын «лингвистикалық империализм» деп атап, осындай термин енгізді. Отарлаушылар жергілікті халық тілінің мәртебесін төмендетіп, өз тілдерін жоғары деңгейге көтеріп, өркениеттің, ғылым мен білімнің кілті ретінде түсіндірді. Осы мәселеге назар аударған ғалымдар Zeng, Robert, Yuxin Филиппсонның «лингвистикалық империализм» терминін ағылшын тілінің мысалында талдай отырып, тілдік империализмнің кереғар жақтарын ашып көрсеткен. Олардың айтуынша, тілдік империализм барысында жергілікті халықтың тілдері де айтарлықтай зиян шегіп, мәртебесі де төмендей түседі [Zeng, Robert, Yuxin, 2023]. Қазақ халқының тілдік тарихы да өз басынан тілдік империализмді кешіргені белгілі. Мұның да тарихи зардаптары аз болмады.

Тілдің әлеуметтік рөлін бағамдаған кезде осындай мәселелерге де назар аударуға тура келеді. Өйткені, тарихи процестермен қатар өрбіп, дамып отыратын тіл процесі де саясаттың нысанына айналып, бағыт-бағдары, стратегиялық мақсаттары да бірталай өзгеріске түскенін тарихтан білеміз. Жалпы, тіл мен тарихтың сабақтастығын, бір-біріне ықпалын айқындау барысында олардың арасындағы байланыстың тереңдігін, сипаттамалар кешенділігінің ауқымдылығына назар аударамыз. Сол себепті, тіл мен тарихтың әлеуметтік мазмұнында халықтың тарих пен тіл арқылы тұғырлануы, мемлекет іргетасының күшеюі сынды мәселелер де көрініс табады.

Нәтижелер. Тіл мен тарих қашанда тамырлас әрі өзектес. Тіл арқылы ұлттың тарихын танитын болсақ, тарих арқылы да ұлттың тілін танимыз. Биыл «Қазақ» атауының қайтарылуына 100 жыл толып отырған кезеңде «қазақ» сөзінің өзгелердің көзқарасында тұп-тура өз қалпында бедерленіп жазылуы мен аталуы, тарихи әділеттің үстемдік құруы, жалпы тілдік болмыстың бұзылып кетпеуінің де алдын алған тұтастық еді деп нық сеніммен айта аламыз. Иә, ғылыми мақаламызда қарастырып отырған басты мәселе – қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орны бұл, сөзсіз, ғасырлар қойнауынан, дәуірлер тереңінен бастау алатын рухани жалғастық. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, тіл мәселесінің әлеуметтік рөлі тарихи кезеңдер барысында аса маңызды деңгейде қарастырылып отырған. Тіл мен тарихтың сабақтастығы бір-бірінен ажырғасыз ұғымдар ретінде қалыптасып, тарих арқылы тілді, тіл арқылы тарихты танудың алғышарттары пайда болып, ұлт, халық, мемлекеттің өміріндегі әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік құндылығы бар өзекті мәселе – тілдің тағдырына, тарихи дамуына байланысты қалыптасып отырғанын байқауға болады.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары егемен мемлекет ретінде қалыптасуы тарихқа қоғам өмірінің серпінді даму және жүйелі жаңару заманы ретінде кіреді. 1991 жылдан басталатын кезең – жаңа экономикалық, саяси және құқықтық жүйенің қалыптасуы, әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесі мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, нарықтық қатынастар мен демократиялық

институттарды құру жөніндегі қауырт жұмыс кезеңі болды. Бұл жылдары қазақстандықтар ең басты нәрсені – халықтар арасындағы бірлік пен мызғымастықты сақтап, демократиялық басым бағыттарға негізделген жоғары экономикалық және әлеуметтік ілгерілетуге қол жеткізді [Қазақстан тарихы, 2010: 8].

Шын мәнінде, тарих – уақыт кеңістігімен, жылдар жылнамасымен байланысты ғылым болса, әлеуметтану сол уақыт кеңістігінде өмір сүріп жатқан адамдардың, әлеуметтік топтардың көзқарасын талдау арқылы, әлеуметтанудағы тарихи мәні бар мәселелердің себеп-салдарын білуге, тануға мүмкіндік жасайды. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік маңызы мен рөлін білдіретін зерттеуіміздің келесі тұжырымдарын ұсынамыз:

- туған тіл – сол тілдің иесі саналатын халыққа жігер мен сенім ұялатады.
- ұлттық тіл арқылы халықтың тарихи сана-сезімі қалыптасады;
- ұлттық тіл арқылы халықтың патриоттық сана-сезімі оянады, туған жерге, туған елге деген патриоттық көзқарасы туындайды.
- тарихи кезеңдерде тіл халықпен бірге жасасып, оның рухани және мәдени қорғаны ретінде өмір сүреді.

- «тіл» және «тарих» ұғымдарының өзара сабақтастығы арқылы халықтың тілдік және тарихи танымы жүйелі түрде дамып, өріс алады.

- тарихи даму кезеңдерінде тілдің даму жолына үнемі мән беріліп, мұндай көзқарас туған тілінен ажырап қалуды қауіпті үрдіс санайтын ұлттар арасында кездеседі.

- қазақ халқы үшін қазақ тілі – азаттықтың, еркіндіктің символы ретінде бағаланып, қазақ халқының бойында ұлт болып қалыптасудың, біртұтастықтың, бірлік пен ынтымақтың негізі ретінде бағаланып, егемен елдің мызғымастығын білдіреді.

Тіл адамзат мәдениетіне тән ең басты сипаттардың бірі. Сондықтан тарихтағы тілдің әлеуметтік орнына мән беру болашақтағы қателіктерге жол бермеуге, бүгіннен сабақ алуға септігін тигізеді. Қазақ мемлекеттілігінің тарихи кезеңдері тіл тұтастығымен де сабақтас екені сөзсіз ақиқат. Ендеше тіл мен ұлт тұтастығы – жер мен мемлекет тұтастығының да басты кепілі саналады.

Тіл – ұлтты сақтаушы пәрменді күш екенін терең пайымдай білген және тіл тазалығын сақтау үшін барын салып еңбек еткен.

«Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс иә ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» деген Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялы қауым өкілдері сөздердің қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріле отырып жазылуына терең мән берген [Байтұрсынұлы, 2022: 5-6].

Бұл мәселенің өзі тілдің тарихымыздағы әлеуметтік орнын байқатып тұрған өзекжарды мәселе. Мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым Ғұмар Қараш: «Бір халықтың өз тілінде білім-өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп, соған қол болады, оның ішіне жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады. Мұның мысалын тарих бетінде бек көп ұшыратамыз, бұрын да бірнеше халықтар болған, қазір біз олардың бірін де көре алмаймыз, һәм олар жоқ. Міне, бұлар – сол тілдері жойылып кеткендер» деп жазды [Шүкірұлы, Тілешов, 2009: 106].

Әлбетте, тарихтағы тілдің әлеуметтік орнын жоғары дәрежеде бағалай алмау – тілдің жойылуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Өйткені, тілдің әлеуметтік орны төмендесе, сол тілдің өзі де бірте-бірте жойылуға бет алады. Демек, тілмен бірге атаулар да, термин сөздер де ұмытыла бастайды. Ұлт зиялыларының тізе қосып «қазақ» атауын қайтаруға күш салмағанында, ұлтымыздың болашағын елестетудің өзі де қиынға соғар еді. «Қазақ» сөзі ұлтымыздың ғана емес, тіліміздің атауы екенін, оның да тарихи маңызы бар екенін есімізден шығармауға тиіспіз. Осыдан 100 жыл бұрын «Қазақ» аты қалай қайтарылса, сонымен бірге қазақ тілінің тілдік мәртебесі де қайтарылды десек,

кателеспеспіз. Өйткені, ұлт атауының дұрыс жазылуы – ұлттың сақталуына, әрі қарай дамуына жол ашатын бірден-бір маңызды фактор және сол арқылы тілдің ғұмыры ұзарып, тіл тазалығына байланысты көпе-көрінеу бұрмалаушылықтарға да тосқауыл қойылатыны ақиқат. Демек, қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орны, біздің байқауымызша, төмендегідей бірнеше факторлармен айқындалады.

- тілдің саяси-этникалық маңыздылығы;
- тілдің территориялық-аумақтық тұтастыққа әсері;
- тілдің ұлтымыздың тәуелсіз сана-сезімін қалыптастыруға орасан зор ықпалы;
- тілдің әлеуметтік құбылыс әрі ғылыми категория ретінде тарихтағы рөлі мен маңызының күшті болуы;
- тіл – ұлт пен мемлекет қорғаны ретіндегі функциясын тарихи даму кезеңдерімен бірге қарастыру мәселесі;
- ұлтқа қызмет еткен қайраткерлердің тілге байланысты да ұстанымдарының нақты әрі объективті болуы;
- «Қазақ» атауының қайтарылуы тұрғысындағы ана тіліміздің қаймағының бұзылмай сақталып қалуының шешуші рөлі;
- тілдің бұрмалануынан пайда болған атауларды ұлттық санамыздың қабылдай алмауы және сол бағытта тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы кешенді іс-шаралардың жұмыла атқарылуы.

Ғалым Ербол Шаймерден орынды жазғандай, ұлттық тарихымызда маңызды орын алатын Алаш қозғалысы – ірі саяси-қоғамдық қозғалыс болуымен бірге халқымыздың рухани-мәдени өрлеуіне айрықша ықпал еткен үлкен оқиға да еді. Осы рухани-мәдени зор қозғалыс тудырған Алаш қайраткерлері мұрасының алуандығы мен байлығы сан тараулы ғылымға өрісті жол, өміршең ізденіс болары хақ. Алаш кезеңі қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің ана тіліміз – қазақ тіліне арналған еңбектері, тіл жолындағы күрестері – сол дәуірдің тарихи мәні бар деректері ғана емес, сонымен бірге өміршең дәстүр қалыптастырар тағылымды мұра болуымен де құнды. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – осы ұлт азаматтарының асқан ізденімпаздығы мен терең білімпаздығын байқатады [Шүкірұлы, Тілешов, 2009: 4].

А. Байтұрсынұлының XX ғасыр басында көрегендікпен айтқан: «Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызудан орысқа аударса, хукіметке онан артық ұнамды іс болмас» деген қаупі ақиқатқа айнала бастады. Ақиқатына жүгінсек, Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген тіл саясаты көп жағдайда бұрынғы патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспетті әрі оның қағидаларына сәйкес келді. Халық ағарту комиссариатының аз ұлттар мектептері туралы 1918 жылғы қазанның 31-індегі қаулысы, РКП (б)-ның VIII съезінің ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы онды бастамалары, РКП (б) X съезінің (1921 жыл) елдің барлық халықтары үшін ана тілін сот, әкімшілік, шаруашылық, мәдениет және т.б. салаларға енгізу міндетін артқан ұлттық саясат туралы резолюциясы өз мағынасында толық жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары болған И.В. Сталин 1921 жылғы мамыр айында айтқан: «Бір ғана ұлттық тепе-теңдікпен» шектелмей, «ұлттық тепе-теңдіктен» «ұлттардың нақты теңелу шараларына» көшу керек» тұжырымынан кейін де айнып шыға келді де, кеңес мемлекетіндегі бір-ақ тілдің – орыс тілінің әлеуметтік, саяси және шаруашылық салаларында кеңінен қанат жаюына ықпал етті [Қамзабекұлы, 2005: 209].

Бұл орайда зерттеуші Янсон Торе келесідей пікірімен келісуге болады: «Тіл мен қоғам арасындағы байланысқа үңілу лингвистер үшін де, тарихшылар үшін де керек. Оның пайдасы қазіргі заман мен болашақты қарастырғанда да тиюі мүмкін. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде тілдер арасындағы байланыс терең өзгеруде. Ағылшын тілі сол процестердің көбіне белсенді түрде араласуда. Не болып жатқанын түсіну үшін және оның маңызы мен салдарына төрелік айту үшін, қазіргі жағдайды осы күнге дейін болған көрініс тұрғысынан қарау керек» [Янсон, 2019: 14].

Сонымен қатар тіл мен мәдениетаралық коммуникацияның мәселелерін зерттеген ғалым С.Г. Тер-Минасова «мемлекетіміздің әлеуметтік өміріндегі түбегейлі өзгерісі, оның әлемдік аренаға, бірінші кезекте, батыс әлеміне жылдамырақ енуі, тілге өміршеңдік сипат дарытуы, байланыстың ғылыми-техникалық құралдарының дамуы – қарым-қатынастың түрін арттырды, тіл оның шынайы құралына айналды» деген дәйекеті тұжырымын [Тер-Минасова, 2018: 34] негізге ала отырып, тілдің әлеуметтік мәртебесі тарихи тұрғыдан уақытпен байланысты өзектене түсетіні туралы тұжырым жасадық.

Қорытынды. Қорыта келе, қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орны әлеуметтану ғылымы тұрғысынан алғанда аса маңызды әрі өзекті мәселе болып саналады. Сондықтан тіл – тарихпен бірге жасайтын аса зор құндылық болғандықтан, оның қадірі мен қасиетін де тарихи-әлеуметтік тұрғыдан бағалай білуіміз керек деп есептейміз. Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік мәртебесі мемлекетіміздің стратегиялық даму жолымен, тәуелсіздік тарихымен, өткені мен болашағын байланыстыратын өзекті мәселелермен тығыз байланысты деп қорытынды жасаймыз. Бұл орайда қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлі тарихи тұрғыдан да, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық тұрғыдан да аса маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік орны дейтін мәселе тіл қашанда, қай кезде де ұлт өмірінің құрамдас бөлігі ретінде онымен бірге жасасып, әлеуметтік орны мен мәнін айқындап келгенін білдіретін мәселе. Сондықтан бұл мәселені тарих және әлеуметтану ғылымдарының өзара байланысы негізінде әлі де зерттей түсу маңызды. Зерттеудің пәнаралық байланысын күшейте отырып, тілдің тарихи-әлеуметтік рөлін бүгінгі уақыт тұрғысынан қарастыра білу маңызды. Алдағы зерттеу кезеңдеріне тіл мен тарихтың өзара сабақтастығын тарихи-әлеуметтік мағынасында зерделеудің әдіснамалық принциптерін айқындау қажет. Сонымен қатар тіл мен тарихтың әлеуметтік сабақтастығының өзіндік заңдылықтарын аша білудің маңызы зор. Себебі тілдің тарихи рөлі әлеуметтік тұрғыдан кешенді сипаттарға ие бола отырып, қарастырылатын болса, онда тарих пен әлеуметтану ғылымдарының байланысын арттыра отырып, аталған мәселелерді жаңа қырынан зерттеуге мүмкіндік аламыз. Таяу келешекте қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөліне арналған дискуссиялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастырып, өзекті мәселенің зерттелуінің тарих пен әлеуметтану ғылымы тұрғысынан кеңейте түсу керек деген ұсыныс айтамыз.

Дереккөздер

КРОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

- Alonzi, 2024 – *Alonzi L.* Language-History-Presence // History and Theory. Vol. 63. Is. 3. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1111/hith.12351>
- Gray, Atkinson, Greenhil, 2011 – *Gray R., Atkinson Q., Greenhil S.* Language evolution and human history: what a difference a date makes // National Library of Medicine. National Center for Biotechnology Information URL: https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC3049109/?utm_source=com.
- Zeng, Robert, Yuxin, 2023 – *Zeng J., Robert L., Yuxin A.* English linguistics neo-imperialism in the era of globalization: A conceptual viewpoint // Frontiers in Psychology. 2023. 08 march. URL: <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2023.1149471/full>
- Айғабылұлы, 2013 – *Айғабылұлы А.* Қазақ тілінің лексикологиясы: оқу құралы. Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. 104 б.
- Айталы, 2009 – *Айталы А.* Қазақты намысы қамшыласын. Саяси публицистикалық мақалалар мен сұхбаттар. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 248 б.
- Байтұрсынұлы, 2022 – *Байтұрсынұлы А.* Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Оқу құралы: Қазақша алифба; Өліб-бій: Жаңа құрал. Қазақ және орыс тілдерінде. Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. Т. IV. 384 б.
- Балақаев, 2010 – *Балақаев М.* Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Павлодар: С. Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік ун-ті, 2010. 212 б.
- Жаманбаева, 1998 – *Жаманбаева Қ.* Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: Эмоция, символ, тілдік сана: оқу құралы. Алматы: Ғылым, 1998. 140 б.
- Жеменей, 2023 – *Жеменей И.* Мылтықсыз майдан – ұлт тағдыры // 1991-2022 жылдар аралығында тіл, дін, ұлт, ұлттық саясат жайында жарық көрген мақалалар мен сұхбаттар жинағы. Алматы: Дарын баспасы, 2023. 433 б. URL: <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/9664>
- Кеңесбаев, 2014 – *Кеңесбаев І.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. 640 б.
- Қазақстан тарихы, 2010 – *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. Алматы: Атамұра, 2010, 688 б.
- Қамзабекұлы, 2005 – *Қамзабекұлы Д.* Тіл саясаты: тағлым мен тәжірибе. – Алматы: Арда, 2005. 256 б.
- Қордабаев, 1991 – *Қордабаев Т.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Рауан, 1991. 252 б.
- Манкеева, 2003 – *Манкеева Ж.* Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. 2003. № 4. 39–43-б.
- Сейдімбек, Әбжанов, Салғараұлы, 2012 – *Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ.* Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана: Фолиант, 2012. 248 б.
- Сыздық, 1993 – *Сыздық Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы: (XV-XIX ғасырлар): оқулық. Алматы: Ана тілі, 1993. 319 б.
- Тер-Минасова, 2018 – *Тер-Минасова С.Г.* Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж. 320 б. URL: <https://openu.kz/kz/books/9>
- Уәли, 2012 – *Уәли Н.* Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. 424 б.

Ходжамгулиев, Базарова, Хыдырмухаммедова, 2025 – *Ходжамгулиев А., Базарова И., Хыдырмухаммедова О.* Язык и культура: связь языка с историей и культурой народа // Вестник науки. 2025. № 1 (82). С. 77–86.
 Шүкірұлы, Тілешов, 2009 – *Шүкірұлы С., Тілешов Е.* «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы / Құраст.: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. Алматы: «КІЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. 364 б.
 Янсон, 2019 – *Янсон Т.* Тіл тарихы: Кіріспе. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. 244 б.
 URL: <https://open.kz/kz/books/46>

Sources

QROMA – Qazaqstan Respublikasynin Ortalyk memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

References

- Aigabylyly, 2013 – *Aigabylyly A.* Qazaq tilinñ leksikologiasy: oqu quraly [Lexicology of the Kazakh language: a textbook]. Almaty: Däuir-Kitap, 2013. 104 p. [In Kaz.]
- Aitaly, 2009 – *Aitaly A.* Qazaqty namysy qamsylasyn. Saiasi publisistikalyq maqalalar men sühbattar [Let Honor Strengthen the Kazakhs. Political Articles and Interviews]. Almaty: «Arys» baspasy, 2009. 248 p. [In Kaz.]
- Alonzi, 2024 – *Alonzi L.* Language-History-Presence. *History and Theory*. Vol. 63. Issue 3. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1111/hith.12351>
- Baitürsynüly, 2022 – *Baitürsynüly A.* Şyğarmalary – Sochinenia. On eki tom. Oqu quraly: Qazaqşa alifba; Älib-bii: Jaña qural. Qazaq jäne orys tilderinde [Works in Twelve Volumes. Textbook: Kazakh Alphabet; Älib-bi: New Journal. In Kazakh and Russian]. Astana: «Aлашorda» QQ, 2022. T. IV. 384 p. [In Kaz.]
- Balaqaeve, 2010 – *Balaqaeve M.* Qazaq ädebi tili jäne onyñ normalary [The Kazakh Literary Language and Its Norms]. Pavlodar: S. mToraigrov at. Pavlodar memlekettik un-tı, 2010. 212 p. [In Kaz.]
- Gray, Atkinson, Greenhil, 2011 – *Gray R., Atkinson Q., Greenhil S.* Language evolution and human history: what a difference a date makes. *National Library of Medicine*. National Center for Biotechnology Information URL: https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC3049109/?utm_source=com.
- Hojamgulyev, Bazarova, Hydyrmuhammedova, 2025 – *Hojamgulyev A., Bazarova İ., Hydyrmuhammedova O.* İazyk i kultura: sväz iazyka s istoriei i kulturoi Naroda [Language and Culture: The Connection Between Language, History, and the Culture of a People]. *Vestnik nauki*. 2025. T. 4. № 1 (82). İanvär. [In Kaz.]
- İanson, 2019 – *İanson T.* Til tarihy: Kırıspe [History of Linguistics: An Introduction]. Almaty: «Ülttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, 2019. 244 p. URL: <https://open.kz/kz/books/46> [In Kaz.]
- Jamanbaeva, 1998 – *Jamanbaeva Q.* Til qoldanysynıñ kognitivtik negızderi: Emosia, simvol, tıldık sana: oqu quraly [Cognitive Foundations of Language Use: Emotion, Symbol, Linguistic Mind. Textbook]. Almaty: Ğylym, 1998. 140 p. [In Kaz.]
- Jemenei, 2023 – *Jemenei İ.* Myltyqsyz maidan – ült tağdyry. 1991-2022 jyldar aralyğynda til, dın, ült, ülttyq saiasat jaiynda jaryq körgen maqalalar men sühbattar jinağy [A Maidan Without Weapons – The Fate of a Nation. Published Articles and Interviews on Language, Religion, Nation, and National Policy in 1991–2022]. Almaty: Daryn baspasy, 2023. 433 p. URL: aqikat.kazgazeta.kz/news/9664 [In Kaz.]
- Keñesbaev, 2014 – *Keñesbaev I.* Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Issues of Kazakh Linguistics]. Almaty: «Abzal-Ai» baspasy, 2014. 640 p. [In Kaz.]
- Mankeeva, 2003 – *Mankeeva J.* Qazaq tilin zertteudiñ kognitivtik negızderi [Cognitive Foundations of Research on the Kazakh Language]. *Tiltanym*. 2003. № 4. Pp. 39-43. [In Kaz.]
- Qamzabeküly, 2005 – *Qamzabeküly D.* Til saiasaty: tağlym men täjiribe [Language Policy: Lessons and Experience]. Almaty: Arda, 2005. 256 p. [In Kaz.]
- Qazaqstan tarihy, 2010 – *Qazaqstan tarihy* (köne zamannan büginge deın) Bes tomdyq. 5-t. [History of Kazakhstan (From Ancient Times to the Present Day). Five Volumes]. Almaty: Atamūra, 2010. 688 p. [In Kaz.]
- Qordabaev, 1991 – *Qordabaev T.* Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Issues of Kazakh Linguistics]. Almaty: Rauan, 1991. 252 p. [In Kaz.]
- Seidimbek, Äbjanov, Salğaraüly, 2012 – *Seidimbek A., Äbjanov H., Salğaraüly Q.* Ülttyq ideia: tarihi tağdyry men bolaşğy [National Idea: Historical Destiny and the Future]. Astana: Foliant, 2012. 248 p. [In Kaz.]
- Şükirüly, Tіlešov, 2009 – *Şükirüly S., Tіlešov E.* «Алаштың» тıldık мұрасы: Мақалалар жинағы. Құраст.: С. Шүкірұлы, Е. Тілеšov [The Linguistic Heritage of «Alash»: Collection of Articles]. Almaty: «КІЕ» lingvoeltanu innovasiyalıq ortalyğy», 2009. 364 p. [In Kaz.]
- Syzdyq, 1993 – *Syzdyq R.* Qazaq ädebi tilinñ tarihy: (XV-XIX ğasyrlar): oqulyq [History of the Kazakh Literary Language (15th–19th Centuries): Textbook]. Almaty: Ana tili, 1993. 319 p.
- Ter-Minasova, 2018 – *Ter-Minasova S.G.* Til jäne мәdenietaralyq komunikasia [Language and Intercultural Communication]. Almaty: Ülttyq audarma bürosy, 2018 jyl. 20 p. URL: <https://open.kz/kz/books/9> [In Kaz.]
- Uäli, 2012 – *Uäli N.* Qazaq söz мәdenietiniñ teoriatyq negızderi [Theoretical Foundations of Oral Culture]. Almaty: «Qazaq tılı» baspasy, 2021. 424 p. [In Kaz.]
- Zeng, Robert, Yuxin, 2023 – *Zeng J., Robert L., Yuxin A.* English linguistics neo-imperializm in the era of globalization: A conceptual viewpoint. *Frontiers in Psychology*. 2023. 08 march. URL: <https://www.frontiersin.org/journals/psychology/articles/10.3389/fpsyg.2023.1149471/full>

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117

Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136

Молдин Б.А., Мәден А.Т.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148

Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177

Есназарова З.Б.

АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189

Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205

Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.

1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230

Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.

КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245

Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.

КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына

кесілген дін өкілдері.....1271

Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.

XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында

болған індет.....1284

Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....1293

Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ

ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....1304

Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.

KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL

TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15th – EARLY 17th CENTURIES).....1319

Ерғабылов А.Е.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ

ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru